

Қаланы көркейту, көгалдандыру және санитарлық тазарту Ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Семей қалалық мәслихатының 2004 жылғы 14 мамырдағы N6-7 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2004 жылғы 10 маусымда N 1829 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы мәслихатының 2008 жылғы 20 маусымдағы N 8/71-IV шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы мәслихатының 2008.06.20 N 8/71-IV шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы, 1 тармағы, 8) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы сәулеттік, қала құрылысы және құрылыстық қызмет туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі N 242 Қазақстан Республикасы Заңының 22 бабы, 1 тармағы, 2) 3) тармақшаларына, "Қоршаған ортаны қорғау туралы" 1997 жылғы 15 шілдедегі N 160-І Қазақстан Республикасы Заңының 10 бабы, 1 тармағы негізінде, сонымен бірге көркейту тәртібін анықтау, тазалықты қолдау мен жасыл желекті қорғап, сақтау мақсатында Семей қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Семей қаласын көркейту, көгалдандыру және санитарлық тазарту Ережелері бекітілсін (беріледі).

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау өндірістік және әлеуметтік инфраструктураны дамыту, қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияға жүктелсін.

Қ а л а л ы қ м ә с л и х а т

сессиясының төрағасы

Семей қалалық мәслихатының

2004 жылғы 14 мамырдағы

N 6-7 шешіміне Қосымша

Семей қаласын көркейту, көгалдандыру және санитарлық тазарту ережесі

Осы ережелер Семей қаласындағы қалалық инфраструктура элементтерін көркейту, ұстау, қорғау және пайдалану, жер қазу жұмыстарын және жол

төсемдерінің бұзылуымен байланысты жұмыстарды жүргізу, тазалықты қолдау, аумақтар мен көшелерді жинау, жасыл желектерді ұстау және қорғау тәртібін, сондай-ақ заңды және жеке тұлғаларды осы мәселемен байланысты құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін анықтайды.

Бұл ережелер қаланың әкімшілік аумағында барлық заңды және жеке тұлғалар үшін міндетті болып табылады.

Семей қаласын көркейту, санитарлық жай-күйін қамтамасыз ету және қала аумағындағы жасыл желектерді қорғау ережелерінің жеке тармақтарында Шығыс Қазақстан облыстық Мәслихатының 2001 жылғы 15 маусымдағы N 10/7-II шешімімен бекітілген "Шығыс Қазақстан облысының қалаларын, поселкелерін және ауылдарын көркейту, санитарлық жай-күйін қамтамасыз ету, жерлерін және жасыл желектерін қорғау ережелерінің" талаптары қолданылды. Осы ережелер талаптарының аталған облыстық ережелер қағидаларынан айырмашылығы болған жағдайларда, облыстық ережелерге басымдық беріледі.

Семей қаласын көркейту, көгалдандыру және санитарлық тазарту ережесі

Осы ережелер Қазақстан Республикасының "Жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына, "Елді мекендердің санитарлық-эпидемиологиялық орайлығы туралы" Заңына, "Сәулеттік, қала құрылысы және құрылыстық қызмет туралы" Заңына, "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Заңына, "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының Су кодексіне, облыстық Мәслихаттың 2001 жылғы 15 маусымдағы шешімімен бекітілген "Шығыс Қазақстан облысының қалаларын, поселкелерін және ауылдарын көркейту, санитарлық жай-күйін қамтамасыз ету, жерлерін және жасыл желектерін қорғау ережелеріне" сәйкес әзірленген. Осы Ережелермен Семей қаласының әкімшілік аумағында барлық заңды және жеке тұлғаларға міндетті болып табылатын қаланы көркейтудің, нормаға сәйкес санитарлық жай-күйді қамтамасыз етудің және жасыл желектерді қорғаудың бірыңғай тәртібі о р н а т ы л а д ы .

Осы ережелер Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне сәйкес қолданылуы мүмкін.

1. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

1. Осы ережелерде қолданылатын ұғымдар, анықтамалар және қысқартулар мына мағыналарды білдіреді:

аумақты көркейту - қаланың әкімшілік аумағында адамдардың жайлы,

қолайлы өмір сүруін қамтамасыз ететін жұмыстар мен элементтердің жиынтығы;

инженерлік жүйелер мен құрылымдар - халықты және кәсіпорындарды жылумен, сумен, электр энергиясымен қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ қала аумағынан үстірт суларды жинау және бұру үшін арналған инженерлік жабдықтаудың маңызды элементтері;

жасыл желектер - санитарлық-гигиеналық жағдайларды, көркейту және сәулетті-ландшафттық безендіру (газондар, гүлзэрлар, ағаштар, талдар) деңгейін көтеруді қамтамасыз ететін жоспарлық шешімдердің элементтері;

жер қазу жұмыстары - аумақтарды қазуға, топырақты үюге, қазылған жерді қайта жабуға, котловандарды әзірлеуге байланысты жұмыстар;

жер пайдаланушы - қаланың әкімшілік аумағында, мақсатына қарамай меншіктің барлық түріндегі жер учаскелерін пайдаланушы заңды және жеке тұлғалар (кәсіпорындар, ұйымдар, коммерциялық құрылымдар, жеке кәсіпкерлер, үй иелері, жалға алушылар, жекеменшік пәтерлер кооперативтері және басқалар);

үй иесі - жеке меншігінде үйі немесе үйдің бөлігі (ортақ иелік) бар заңды немесе жеке тұлға;

бөлінген аумақ - жер иеленушіге меншікке, немесе жергілікті атқарушы органның шешімдеріне сәйкес өзіне тиесілі объектілерді (үйлерді, құрылымдарды, көлік желілерін және басқаларды) орналастыру үшін, пайдалануға берілген жер учаскесі;

бекітілген аумақ - атқарушы органмен заңды немесе жеке тұлғаға, күту және қызмет көрсету үшін анықталып қоса тіркелген, бөлінген аумаққа жапсарлас жатқан, сол бөлінген аумаққа қызмет көрсетуге пайдаланылатын жер бөлігі.

Қала аумағында бекітілген аумақтар болып табылады:

- көше аумақтары (тротуарлар, газондар және басқа көркейту элементтері);
- кондоминиумдарға және басқаларға бөлінбеген ішкі аула аумақтары (егер бір аулада бірнеше жер пайдаланушы болса. Бекітілген аумақ бөлінген аумақтарды шекараларына сайма-сай немесе тараптардың келісімі бойынша анықталады.);

- бөлінген аумақтың» периметрі бойынша 5 метр қашықтыққа дейінгі, ал көше жақтан - көшенің "қызыл сызығынан" аспайтын аумақ.

Көше - жолдың жүргін бөлігі, тротуарлар, жасыл желектер, аялдамалар, жер асты және жер үсті инженерлік жүйелері орналасқан аумақ.

Қоғамдық орындар - ортақ пайдаланатын демалыс аумақтары (парктер, жағажайлар және басқалар), алаңдар, бульварлар және басқалар.

Құрылыс жүргізілмеген бос аумақтар - жобалаудың негізгі нормаларын қолдануды шектейтін жер үсті және жер асты құрылыстары жоқ аумақ.

Басқарма - "Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының көркейту жөніндегі

басқармасы"

мемлекеттік

мекемесі.

ІІБ ЖПБ - ішкі істер басқармасының жол полициясы бөлімі.

МСЭББ - "Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" мемлекеттік мекеме.

Ескерту. 1 тараудың 1 тармағына өзгертулер енгізілген - Семей қалалық мәслихатының 2006 жылғы 23 маусымдағы N 29-8 шешімімен.

2. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

2. Заңды тұлғалар, тұрғын үй иелері, олардың жекеменшік пәтерлер кооперативі (ЖПК) нысанындағы бірлестіктері, сондай-ақ тұрғын үйлердегі жапсарлас салынған тұрмайтын бос жайлардың иелері мен жалдаушылары тұрғын үй қорын техникалық пайдаланудың және ұстаудың "Қазақстан Республикасының құрылыс жөніндегі Ережелері. Тұрғын үй қорын техникалық пайдалану және ұстау" ережелеріне сәйкес қамтамасыз етуге міндетті (ПР РК 07-2 2 - 9 9) .

Кәсіпорындар, мекемелер, үй құрылысының иелері және оларды жалға алушылар :

1) үйлерді, шаруашылық және тұрмыстық ғимараттарды және құрылымдарды техникалық күтіп ұстауға, оларға дер кезінде жөндеу жұмыстарын жүргізуге және олардың сырт келбетін тиісті жағдайда ұстауға, үйлердің қасбеттерін, тақтай қоршауларды, қоршауларды және қақпаларды бояуды, жөндеуді және қайта жаңартуды қалалық сәулет органдарымен келісіп істеуге;

2) үйлердің подъездерінде белгіленген үлгідегі шамдардың болуына, үйлердің реттік саны және көшенің (шолақ көшенің) атауының анық жазылуына, хабарландырулар тақтасы және қоқыс жинау үшін урналар қоюға;

3) көп пәтерлі үйлердің подъездерінің есігінде пәтерлердің реттік сандары белгіленген тақтайшаларды ілуге;

4) үйлердің шатырлары мен жерқабаттарына құлып салуға және жерқабат терезелерінің кейбіреуін оларды желдету үшін жыл бойына ашық қалдыруға;

5) аулаларда, подъездерде, жерқабаттарда және баспалдақ ала шаларында электр жарықтарының болуына және оларды күтіп ұстауға;

6) суқұбырлары, канализация, жылу беру жүйелерін күтіп ұстауға және жерқабат бөлмелеріне судың жайылуын жібермеуге;

7) үйдің кіре беріс есіктерін күтіп ұстауға;

8) барлық құрылыстық-монтаждау жұмыстарын құрылыс жүргізу нормалары мен ережелеріне сәйкес жүргізуге;

9) жер және асфальтбетон қабаттарын қазуға байланысты шұғыл апаттық жұмыстарды жүргізуге, ІІБ ЖПБ-мен және жер асты коммуникацияларының

иелерімен келісіліп, басқармада жазбаша рұқсат (ордер) ресімделгеннен кейін
о р ы н д а у ғ а ;

10) қалалық сәулет органдарының келісімімен құрылыс алаңдарын қоршауға,
жаяу жүргіншілер үшін уақытша өту жолдарын сәйкес ескерту белгілерімен қоса
белгілеуге; жасыл желектер аумағында құрылыс және жоспарлау жұмыстарын
орындаған кезде олардың зақымдануына жол бермеу шараларын қабылдауға;
тапсырыс берушілер сақталатын жасыл желектерді құрылыс жүргізуші
ұйымдарға сақтау қолхаты арқылы өткізіп беруге; құрылысқа немесе басқа
жұмыстарды жүргізуге бөлінген учаскелердегі жасыл желектерді сақтап қалу
мүмкіндігі болмаған жағдайда тапсырыс беруші ағаштар отырғызуды өз күшімен
ж ә н е қ а р а ж а т ы н а жү р г і з у г е ;

11) қазылған орындарды, құрылыс жүргізілген алаңдарды өз уақытында
тәртіпке келтіруге, қызмет бабындағы ғимараттар мен тұрғын үйлерді салу
немесе жөндеу кезінде пайда болған қоқысты жұмыс жүргізушілердің күшімен
және өз қаражатына қалалық қоқыс төгу орнына тасуға (тасып шығарғанын
растайтын құжаттардың болуы, атап айтқанда тығыз тұрмыстық қалдықтардың
қалалық полигонының талондары немесе түбіртіктері);

12) өндірістік, қызметтік және тұрғын үйлерге апаратын жолдарды күтіп және
б о с ұ с т а у ғ а ;

13) канализация жүйесіне қосылмаған қызмет бабындағы ғимараттар мен
тұрғын үйлердің аулаларында су өтпейтін шұңқыры мен ауа алмастырғышы бар
әжетханалар және сұйық жуынды-шайынды төгетін шұңқырлардың болуына,
олардың маңайы асфальтпен немесе басқа жабын материалдарымен жабылуына,
сұйық жуынды-шайындыларды мамандандырылған кәсіпорындарды тасып
әкетуі туралы шарт немесе растайтын басқа құжаттардың болуына;

14) жасыл желектерді отырғызуды Басқарма мен құрылыс және сәулет
басқармасымен келісілген жоба бойынша жүргізуге, жаз кезінде арам шөптерді
жүйелі жоюға, қыс кезінде мұзды аршып тазалауға міндетті.

Кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, жекеменшік пәтерлер кооперативтері
мен үйлерді ортақ иеленушілер, жекеменшік тұрғын үйлердің иелері өздеріне
оларға бөлінген учаскелерде арам шөптерді өз уақытында және жүйелі тұрда
ж о й ы п о т ы р у ғ а м і н д е т т і ; < * >

15) объектіні салуға (орналастыруға) жер учаскесін беру, немесе осы
мақсаттар үшін меншік немесе жер пайдалану құқығында тапсырыс берушіге
қарайтын учаскені пайдалануға рұқсат беру туралы әкімдіктің шешімдері
уақытша құрылғыларды орналастыру және күрделі құрылғыларды салуға рұқсат
беретін негізгі құжаттар болып табылады. Объектінің сырт келбеті қаланың бас
сәулетшісімен бекітілген сыртқы жөндеу паспортына (жобалық шешімге) сәйкес
б о л у ы қ а ж е т .

16) аялдаманың павильондарын, дүңгіршіктерді, офистерді, әкімшілік ғимараттарды, қоғамдық және мәдени орталықтарды, вокзалдарды, қонақ үйлерді, мейрамханаларды, жағалауларды, қалаға кіреберістерді, жанар май құю стансаларын, көпірлер мен жол айналымдарын жарық шамдарымен әшекейлеу, аула аумақтарын жарықтандыру, үйдің қасбеттерін, жаяу жүргіншілер аумақтарын, жасыл желеңдерді түсті шамдармен жарықтандыру құрылыс және сәулет басқармасымен анықталған талаптарға сәйкес болуы қажет және жарық гирляндаларын, жүгіріп тұратын оттарды және басқа да жаңадан шыққан жарықтандыру техникаларын қолдану арқылы орындалуы қажет. Көшелерді, үйлердің қасбеттерін, аула аумақтарын жарықтандыру үшін сынапты толтырғыштары бар шамдарды қолданған кезде СанПиН 1.10.083-94 талаптарын о р ы н д а у қ а ж е т .

17) жанар май құю стансаларына (АЗС) келісілген бас бағдарламаға сәйкес (жол белгілері, сызықтары, жарнамалық қондырғылар, қоршаулар), жанар май құю стансаларының алаңдары топырақ бетін сулардан құрғату шұқырларына немесе өндірістік-нөсерлік канализацияларға қарай су жинайтын ағызғылар бағытына қарай еңіс болуы қажет, топырақ қабатының және су айдындарының мұнай өнімдерімен ластануынан сақтау жөнінде шаралар қолданылуы қажет;

18) жанар май құю стансаларының иелері қоқысты өздері жинап тасып әкетеді, өз аумағындағы суаққылар мен топырақ бетін сулардан құрғату құрылғыларын тазалайды немесе мамандандырылған кәсіпорындармен осы жұмыстарды атқаруға шарт жасайды, белгіленбеген жерлерде (су алатын колонкалардың жаны, жасыл желектер орналасқан аумақтар, жолдардың шеті және т.б.) шыны ыдыстарды жинау пункттерін орнатуға, шөлмектерді жууға р ұ қ с а т б е р і л м е й д і ;

19) автокөлік тұрақтарын, жанар май құю стансаларындағы қызмет көрсету объектілерін көркейту кезінде оларға кіретін және шығатын жерлерге дейінгі арақашықтық магистральді көшелер қиылысынан 50 метр, жергілікті маңызы бар жолдардан 20 метр, қоғамдық көліктер аялдамасынан 30 метр болуын сақтау қажет.

Ескерту. 2 тараудың 2 тармағы 14) тармақшасына өзгертулер енгізілген - Семей қалалық мәслихатының 2006 жылғы 23 маусымдағы N 29-8 шешімімен.

3. Көшелерде мыналарға тыйым салынады:

1) хабарламаларды, жарнамаларды бұл мақсаттар үшін белгіленбеген ж е р л е р г е ж а п с ы р у ғ а ;

2) жасыл желектерді сындыруға және бүлдіруге, ағаштарға аспалы төсектер, әткеншектер ілуге, кір жаятын жіптер байлауға, электр және телефон сымдарын бекітуге, жапырақтар мен жемістерді үзуге, газондар мен гүлзарларда ойнауға, г ү л д е р д і ж ұ л у ғ а ;

3) көшелерді, жолдарды және жол құрылғыларын, жол қозғалысын реттеу және ұйымдастыру белгілерін, жасыл желектер мен басқа да жол жайластыру құрылғыларын зақымдауға;

4) жалпы өлшемі, салмағы және өзінің жүгі ГОСТ-пен белгіленген нормадан артық болған жағдайда көшелермен және жолдармен жүріп өтуге;

5) ені мен биіктігі көлік өлшемінен, артқы жағынан 2 метрден асатын немесе жүргін жол бөлігінде сүйретіліп келетін жүкті тасуға;

6) көлік құралдарының немесе басқа техниканың жүруіне жабдықталып белгіленбеген көшеге және жолға түсу және кіру, немесе оларды кесіп өтуге жабдықталмаған жерлер мен жиегіндегі тастарды (бордюр) басып өтуге;

7) көліктің қай түрі болмасын жолды бөлу сызықтарын, тротуарларды, жаяу жүргіншілер жүретін жолдарды және газондарды басып жүруге;

8) көшелердің, жолдардың, жол айналымдарының жүргін бөлігін, топырақ бетін сулардан құрғату қондырғыларын ластауға, сондай-ақ көшелер мен жолдарды қоқыстайтын жүктерді ораусыз тасуға;

9) көшелерді және жолдарды небір заттармен, құрылыс материалдарымен, машиналармен және т.б. бөгеуге немесе толтыруға;

10) көшелер мен жолдардың жүргін бөлігіне канализациялық, өнеркәсіптік және ағын суларды ағызуға;

11) ерекше жағдайлардан (көшелердің жүргін бөлігін қыста мұздан аршу үшін) басқа уақытта жүру табаны темір техниканың жүріп өтуіне;

12) жанар-жағар материалдарды құюға, көлік құралдарын жөндеуге және майлауға, жүкті тиеуге, түсіруге, қайта тиеуге және бекітіп таңуға, машиналарды тазартуға және жууға;

13) Басқарманың және ішкі істер басқармасының жол полициясы бөлімінің келісімінсіз жол жабындысын бұзумен байланысты жұмыстарды жүргізуге, жол ақпаратына қатысы жоқ жарнамалар, плакаттар, маңдайшалар және хабарландырулар орнатуға;

14) спорт шараларын өткізуге (жаяу жарыстар, автомобиль, велосипед және басқа жарыстар, осыған ұқсас шаралар);

15) скверлерде, саябақтарда, пляждарда және басқа да халық демалатын орындарда мал жаюға, иттерді қыдыртуға;

16) көшелерде, су айдындарында, өзендерде, су алатын шөмектердің, колонкалардың қасында, жекеменшік үй иеліктерінен басқа аулаларда автокөлік, тракторлар, мотоциклдер, велосипедтер және басқа көлік құралдарын жууға;

17) көшелерде, тротуарларда, алаңдарда сауда жүргізу аяқталған соң сауда ыдыстарын, жәшіктерін, ыдыстарын, бөшкелерін, жылжымалы сауда жабдықтарын тастап кетуге.

4. Жаз кезінде тазалық пен тәртіпті үнемі қолдау мақсатында аптасына бір рет

тазалық күні - бейсенбі белгіленеді, оған бөлінген және бекітілген аумақтарды тазарту, жасыл желектерді күту үшін меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындар, ұйымдар ұжымдарының, ЖПК, сондай-ақ жекеменшік үй иелерінің қатысуы міндет.

5. Меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдар, ЖПК-мен шарт жасамаған жекеменшік үй иелері, сәулеттік және санитарлық талаптарға сәйкес, жүйелі түрде өз қаражаты есебінен бөлінген және бекітілген аумақтар шегінде мына жұмыстарды орындауға міндетті:

Аула аумақтарын тазарту күнделікті және жыл мезгілі мен ауа райына байланысты тротуарларға су шашу және құм себу, қажеттігіне қарай қар мен қоқысты тасып шығару, суаққылар мен топырақ бетін судан құрғату арықтарын тазалау.

6. Жыл сайын сәуір және қазан айларында көркейту айлықтарын, қала аумағын санитарлық тазартуды өткізу.

7. Жер асты коммуникацияларының иелері коммуникацияларды жөндегеннен кейін газондарды, тротуарларды және автожолдарды қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге міндетті.

3. ҚАЛА АУМАҒЫН ЖИНАУ ТӘРТІБІ

8. Көшелерді, алаңдарды, аяқжолдарды тазалау кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар және жеке тұрғын үй құрылыстарының иелерімен оларға бөлінген территориялар шегінде жүргізіледі. <*>

Ескерту. 3 тараудың 8 тармағына өзгертулер енгізілген - Семей қалалық мәслихатының 2006 жылғы 23 маусымдағы N 29-8 шешімімен.

9. Аумақтар бекітілген үй-жайларды иеленуші немесе жалдаушы заңды және жеке тұлғалар аумақтарды тазартуды өз қаражатына өз күштерімен немесе мамандандырылған немесе өзге кәсіпорындармен механикаландырылған тазарту жұмыстарын орындауға бекітілген мердігерлік негізінде жүргізеді.

Қоқысты және тығыз тұрмыстық қалдықтарды қалалық қоқыс орнына тасып шығару жайты сәйкес құжаттармен расталуы қажет.

10. 15 сәуірден бастап 15 қарашаға дейінгі кезеңде көшелерді, алаңдарды және басқа аумақтарды тазартудан басқа жуу және суғару жұмыстары жүргізілуі қажет. Ауа райының өзгеруіне байланысты бұл кезең өзгеруі мүмкін. Түнгі уақытта (23.00-ден кейін 7.00-ге дейін) тазарту жұмыстарын жүргізуге, қай кезеңде болмасын, тыйым салынады (СанПиН 3.01.035-97).

11. Қоғамдық көлік жүретін көшелердің, көше қиылыстарының жол төсемін қызыл сызық шекарасында, автобус аялдамаларының қалтасын және аумақтарын, такси аялдамаларын, көлік құралдарының тұрақтарын, алаңдарды, жол

айналымдарын, саябақтар мен скверлерді тазалау және техникалық күтіп ұстау, осы жұмыстарды қалалық бюджет қаражаты есебінен орындау құқығын конкурста жеңіп алған кәсіпорындармен немесе, меншікті барлық түріндегі заңды тұлғамен жүргізіледі.

12. Темір жолдар, көпірлер, еңістер, үйінділер, темір жол өтпелері, шеткі рельстерден ені 50 метрден кем емес темір жолға бөлінген аумақтар шегінде темір жол ұйымдарының және осы құрылғыларды пайдаланушы жол иелерінің күшімен және қаражатына жиналады.

13. Құлатуға арналған барлық ғимараттар оларды иелерімен қоршалып, жапсарлас аумақтар 15 метрге дейін тазартылуға тиіс. Жұмыстар аяқталған соң аумақтарға тегістеу жүргізу міндетті. Ғимараттарды құлату шартпен белгіленген мерзімде дәлме-дәл жүргізілуі тиіс, ғимаратты құлатқаннан кейін құрылыстық қоқыс қалалық қоқыс төгу орнына тасып шығарылу керек.

14. Тұрғын үйлерге қарсы орналасқан автобус аялдамаларының және такси тұрақтарының аумағын тазарту осы аумақтар бекітілген сәйкес коммуналдық қызметтерге, кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдарға жүктеледі. Көлік шаруашылығының автостансаларын, диспетчерлік пункттерін, сөйлесу құрылғыларын диспетчерлік қызметтерімен және оларға бекітілген, радиусы 15 метр аумақтарды күтіп ұстау және тазарту, өздері балансында тұратын көлік шаруашылығының ведомстволарымен жүзеге асырылады.

15. Автобус аялдамаларын, тосу павильондарын және оларға бекітілген, радиусы 15 метр аумақтарды жинау және қоқыс пен мұздан тазарту осы объектілер мүліктік кешеніне кіретін кәсіпорындарға, мекемелерге және ұйымдарға жүктеледі.

16. Меншігінде сауда нүктелері және халыққа қызмет көрсету жөніндегі басқа да пункттері бар заңды және жеке тұлғалар, сондай-ақ осы үй-жайларды жалға алушылар, күні бойы тазалықты қолдауға және жұмыс аяқталған соң» үй-жай маңындағы оларға бөлінген территорияларда қоқыстан және батпақтан тазартуға міндетті. < * >

17. Су алатын колонкалардың аумағын 15 метр радиус шегінде тазарту оларға қызмет көрсетуші кәсіпорындармен, мекемелермен, ұйымдармен жүргізіледі.

18. Өзендерді және су айдындарының жағасымен шектескен аумақтарды жинап тазарту осы аймақтар бекітілген кәсіпорындармен, мекемелермен, ұйымдармен жүргізіледі.

19. Көшелерді, тротуарларды, алаңдарды механизациялық жинау, елді мекендердің жүргін бөлігін тазарту 23.00 сағатқа дейін аяқталуы (СанПиН 3.01.035-97) және күні бойы қажеттілігіне байланысты қайталануы тиіс.

20. Әр түрлі қоқысты, елді мекендердің аумағын тазартқаннан кейінгі қарды осы мақсаттарға арнап бөлінген орындарға ғана төгуге рұқсат етіледі.

21. Барлық алаңдар мен көшелерге, бақтарға, парктерге, вокзалдарда, аэропортта, пристаньдарда, базарларда, қала көлігінің аялдамаларында және басқа қоғамдық орындарға қажетті мөлшерде, кісі көп жүретін көшелерге бір бірінен 40 метрден көп емес, ал кісі аз жүретін көшелерде 100 метр ара қашықтықта урналар қойылуы қажет. Қала көлігінің аялдамаларында, жер асты өту жолдарының шыға берісіне, дүкендердің, ларектердің, дүңгіршіктердің алдына, үйлердің кіре берісіне міндетті түрде, құрылыс және сәулет басқармасымен белгіленген үлгідегі, кемі 2 урна орнатылуы тиіс. Бөлінген және бекітілген аумақтарда урналар жер пайдаланушылармен, ал ортақ пайдаланатын орындарда қалалық бюджет қаражаты есебінен орнатылады. Урналар бекітілген және тазалауға ыңғайлы болуы керек.

22. Урналарды көлемі 3/4 бөлігіне дейін толтыруға рұқсат етіледі. Қоқыс жинау урналары қыста айына бір рет және жазда аптасына бір рет қоқыстан тазартылып дезинфекцияланады. Урналардың тазалықта ұсталуына бөлінген және бекітілген аумақтарда жер пайдаланушылар, ортақ пайдаланатын орындарда Басқармамен шарттық қатынаста осы аумақтардың тазартылуын жүзеге асыратын кәсіпорындар жауапты.

23. Дүңгіршіктерді орнату құрылыс және сәулет басқармасымен, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасымен, "ШҚО Семей қалалық мемлекеттік өртке қарсы қызмет басқармасы" мемлекеттік мекемесімен, жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетпен келісіледі және қала әкімінің ш е ш і м і м е н б е к і т і л е д і .

1) дүңгіршіктер меншік иесінің қаражаты есебінен арнайы дайындалған қатты төсенішті алаңдарға орнатылады, олардың көлемі ені 2 метрден кем емес бетонды алаңқай жоспарлауды қамтамасыз етерліктей болуы керек;

2) дүңгіршіктердің тіркеу нөмірі болуы керек;

3) дүңгіршіктерді жыл сайын бояу керек;

4) дүңгіршіктердің сыртқы жарықтандыру құралдары белгіленген үлгіде б о л у ы к е р е к .

24. Тұрғын үй кеңістіктерінің аумақтарын қолмен жинау таңертең сағат 7.00-ден 8.00-ге дейін немесе кешке сағат 19.00-ден кейін жүргізіледі: аумақты сыпыру және сыпырылған қоқысты жинау, жиналған қоқысты белгілі орынға тасу, тротуарлық плиткалардың арасындағы шөптерді жою, урналарды, контейнерлерді және олар орналасқан орындарды, аула төсеніштерін тазалау ж ә н е ө ң д е у .

25. Шаруашылық аумақтары, ауыспалы қоқыс жинағыштарды орнату үшін бөлінген парк учаскелерінің аумақтары дем алушылардың шоғырланып жиналатын орындарға (би алаңдары, эстрада, фонтандар, бас аллеялар, көру павильондары және басқаларға) 50 метрден жақын орналаспауы керек:

1) урналарды орнату кезінде мынаны есепке алу керек - парктің 1000 шаршы метріне бір урна, бас аллеяларда урналардың ара қашықтығы 40 метрден аспау керек ;

2) парктерді тазалау жабылғаннан кейін жүргізіледі, күндіз қалдықтарды, түскен жапырақтарды жинау, жасыл желектерді суару жүргізіледі.

26. Жағажайлар аумағын, жасыл аумақтарды тазалау, ыдыстарды жуу және демалыс аумағындағы әжетханаларды дезинфекциялау олар жабылғаннан кейін жүргізіледі. Күндіз патрульдік тазарту жүргізіледі.

1) жағажай және демалыс аумақтарында урналар жасыл желектер алқабынан 3-5 метр ал су жағасынан 10 метр арақашықтықта, жағажай аумағының 50 шаршы метріне кемі 1 урнадан орнатылады;

2) әжетханалар 75 адамға 1 орын есебінен, шомылу орындарынан 50 метрден кем емес және 200 метрден қашық емес арақашықтықтарға орнатылады;

3) қоқыс жинағыштар 3500 шаршы метр алаңға 1 контейнер есебінен орнатылады ;

4) фонтаншалар, ГОСТ-ң талабына сәйкес, ауыз сумен бірге жарақталады;

5) жағажайлар мен демалыс аумақтарын тазарту міндетті түрде құм қабатының бетін апта сайын қопсытып тегістеу, жыл сайын құм себу арқылы жүргізіледі ;

6) сауда ұйымдары және жеке кәсіпкерлер жұмыс орындарын тазалауды қоқысты жиі қалалық қоқыс төгу орнына тасып шығару арқылы жүргізеді;

7) шомылуға арналған орындарда көлік және кір жууға, иттерді, мысықтарды шомылдыруға және қыдыртуға жол берілмейді.

27. Базарлар аумағы (соның ішінде шаруашылық, сауда алаңдары) жаңбыр және еріген қар сулары ағып кету үшін бір жағына еңіс қатты төсенішпен (асфальт, тас, қыш кірпіш) жабылып, канализация, су құбыры және жабық су бұру жүйесімен жабдықталуы керек :

1) қоғамдық әжетханалар ауа өткізбейтін шұңқырымен сауда орындарынан 50 метрден кем емес қашықтыққа орнатылады. Олардағы орындар 50 сауда орнына кемі біреуден есептеледі ;

2) бөлінген және бекітілген алаңдарды жинау, қоқыс жинағыштарды тазарту және оларды тиісті қалыпта ұстау базар иелерімен жүргізіледі. Қоқысты жинауға арналған контейнерлер саны есептеп анықталады;

3) қала көлігінің қозғалысына бөгет болмайтындай және автокөліктер тұрағы үшін жетерліктей алаңдармен қамтамасыз етілуі керек.

28. Кооперативтік гараждарды, шаруашылық қораларды, ұраларды, саяжай қоғамдарының аумақтарын және жасыл желектері бар бекітілген аумақтарды ұстау және тазалау осы кооперативтер мен қоғамдардың меншік иелерімен немесе қоғамдық ұйымдармен жүргізіледі.

29. Зираттардың аумағын ұстау және жинау басқармамен бекітілген шарт негізінде, жұмыстарды орындаушы кәсіпорындармен жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі. Зират аумақтары қоршалып, зират ішіндегі көлік жүретін жолдар қатты төсенішті болуы керек. Зираттардың шекарасы қала әкімдігімен анықталады.

Ескерту. 3 тараудың 16 тармағына өзгертулер енгізілген - Семей қалалық мәслихатының 2006 жылғы 23 маусымдағы N 29-8 шешімімен.

4. ҚОҚЫСТЫ ЖӘНЕ ТЫҒЫЗ ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ЖИНАУ ЖӘНЕ ТАСЫП ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ

30. Қоқыс және қалдықтарды жинауға арналған контейнерлерді орнату мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының келісімі бойынша, мамандандырылған кәсіпорындардың үй иелерімен, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің басшыларымен жасаған шарты бойынша жүзеге асырылады. Қоқыс контейнерлері жиналу нормасы есебінен 350-400 адамға 1 стандартты қоқыс жинау контейнері қойылады. Контейнерлер орнатылатын алаңшалардың су өтпейтін төсеніші және оған көлік баратын жолы болуы керек, контейнерлер үнемі күтімді жағдайда ұсталып, қақпақты және боялған болуы, немесе биіктігі 1,8 метрден кем емес үш жақты бітеу қоршаумен машинаның жүріп-тұруына ыңғайланып қоршалуы қажет. Алаңшалардың мөлшері контейнерлердің қажетті, бірақ 5 данадан артық емес, санын орнатуға есептелуі керек. Контейнерлерден алаңшаның шетіне дейінгі арақашықтық 1 метрден кем болмауы керек. Қоқыс жинайтын контейнерлерді ұсталуына қоқыс шығару жөніндегі арнайы кәсіпорындар, ал қоқыс жинау алаңшаларының және оларға шектескен аумақтардың ұсталуына ғимаратты немесе тұрғын үй қорын пайдаланушы кәсіпорын, ұйым жауап береді.

31. Қоқыс құбырлары, қоқыс камералары таза ұсталуы керек. Шарттармен анықталған, тығыз тұрмыстық қалдықтарды жинау және шығару жүйесі шартпен белгіленген мерзімде жинаушы-объектілердің аумағынан тығыз тұрмыстық қалдықтарды ретімен тасып шығаруды қарастыруы керек:

1) тұрғын үй кеңістіктері үшін - үй иесімен (ЖПК) белгіленген, контейнерлерде қоқыс пен тығыз тұрмыстық қалдықтарды жиналуына жол бермейтін кестеге сәйкес, бірақ үш күнде бір реттен сирек емес, ал 15 градустан жоғары жылулықта - күнде;

2) қоғамдық және мәдени тұрғыдағы объектілер үшін - қажеттілігіне қарай, бірақ аптасына екі реттен кем емес;

3) аз қабатты үйлер иеліктері үшін - қажеттілігіне қарай, бірақ аптасына бір реттен кем емес;

4) ірі өлшемдегі тығыз қалдықтар үшін тапсырыс бойынша.

32. Жекеменшік пәтерлер кооперативтері (ЖПК), пәтер жалдаушылар және жекеменшік құқығында үй иеліктері бар азаматтар:

1) тұрмыстық қоқысты жинауға арналған ыдысты таза және жабық ұстауға;

2) қоқыс салынған ыдысты көшеге шығарып қойып қоймай, қоқысты алып шығып машинаға төгуге;

3) пәтерлерді, баспалдақ клеткаларын және басқа да қоғамдық пайдалану орындарын иттер мен мысықтардың ластауына, ортақ пайдаланатын көркейтілген жерлерде иттер мен мысықтардың қыдыруына жол бермеуге; иттерді арнайы бөлінген орындарда, ал қоғамдық орындарда тек мұрындықпен және қарғымен қыдыртуға; ит ұстаушы азаматтарда иттер үшін ветеринарлық-санитарлық паспорттар болуға, жоспарлық сақтандыру вакцинасын егуді жүргізуге;

4) ауладағы әжетханалар мен тазаланатын шұңқырларды көлік келіп-кететін жолдармен қамтамасыз етуге;

5) көп пәтерлі үйлерден және усадьба үлгісіндегі үйлерден, жалға алынған үй-жайлардан қоқысты, тұрмыстық қалдықтарды, тығыз және сұйық жуынды-шайындыларды тасып шығаруды азаматтар өздігінен, немесе коммуналдық шаруашылық кәсіпорындарымен, сондай-ақ осы мақсаттарға арналған техникасы мен механизмдері бар жеке тұлғалармен және кәсіпорындармен жасалған шарттар бойынша жүргізуге міндетті.

33. Камераларды, қоқыс құбырларын, қоқыс жинағыштарды және қалдықтарды камерадан төгіп алу орындарымен шектелген аумақтарды ұстау жауапкершілігін үй иелері, ЖПК өз мойнына алады.

34. Кейбір жағдайларда қоқысты және тығыз тұрмыстық қалдықтарды жинауды және тасып шығаруды қолмен тиеп қоқысты тасуға қайта жабдықталған автокөлікпен бұлжымайтын сағатты кесте бойынша жүргізуге болады.

Кәсіпорындардағы, мекемелердегі, ұйымдардағы, меншікті барлық түріндегі тұрғын үй кеңістіктері мен тұрғын үйлердегі қоқыс жәшіктерін, қоқыс жинағыш бактерді, контейнерлерді, тазаланатын шұңқырларды дезинфекциялау үй-жайларды иелеріне жүктеледі.

35. Қоқыс пен тұрмыстық қалдықтарды тасып шығаруды бақылау МСЭБ басқармасымен және ПБ-санитарлық полиция бөлімімен жүзеге асырылады. Заңды және жеке тұлғаларда тексеру сәтінде мамандандырылған кәсіпорынмен қоқысты және тығыз тұрмыстық қалдықтарды тасып шығаруға жасалған шарт пен қоқысты шығаруға алдын ала төлем жүргізгені туралы түбіртек (төленген банкілік тапсырма) болуы тиіс. Шарт болмаған жағдайда қоқысты қалалық қоқыс төгу орнына тасып шығарылғанын растайтын сәйкес құжат көрсетілуі тиіс.

5. АУМАҚТЫ ҚЫСТА ЖИНАУ ЖӘНЕ ҰСТАУ

36. Қала көшелерін және аумақты қыста жинау және ұстау қалада тұрудың қалыпты жағдайын жасауға және қолдауға бағытталған маңызды істердің бірі болып табылады. Осы мақсатта жұмыстардың мына түрлері жүзеге асырылады:

1) жолдарды, көшелерді, тротуарларды, үй маңындағы аумақтарды, демалыс орындарын, қардың тапталуының және қарлы мұздың пайда болуының алдын алу мақсатында, жауған қардан аршып тазалау;

2) қардың көшуінің нәтижесінде пайда болған қарлы сілемдерді жою, көк т а й ғ а қ м ұ з б е н к ү р е с у ;

3) қарды төгу орындарын пайдалану.

16 қарашадан бастап 15 сәуірге дейінгі кезеңде елді мекен аумақтарын тазалау, қоқысты, қарды, мұзды, батпақты және құмды тасып шығару сағат 6.00-ден бастап сағат 19.00-ге дейін және қажетіне қарай күн ұзағына жүргізілуі керек.

Ауа райына байланысты бұл тәртіп өзгеруі мүмкін.

37. Қарды тазалау қар жауа бастағанда басталып, қарды тапталып үйіліп қалуын болдырмау үшін қардың жаууы басылғанша үздіксіз жүргізілуі қажет. Жаңа жауған қарды барлық көшелерде және алаңдарда, қар жаууы басыла салысымен тасып әкету үшін, сілемдеп және үйемелеп жинауға рұқсат етіледі. Қарды тасып шығару орындары Семей аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасымен алдын-ала келісіледі.

38. Жол айналымдарынан, магистральді көшелерден және автобус трассаларынан қар мен мұзды тазалау және тасып шығару алдымен жүргізіледі.

Тротуарларды, жаяу жүргіншілер өтетін жер асты жолдарын, қиылыстарды және аялдама қалталарын қолмен тазалау қырып тазалау арқылы жүргізіледі. Көліктердің және адамдардың өтуіне арналған жолдарға және отырғызылған газондарға лас қарды жинауға, үюге тыйым салынады.

39. Шатырларды қардан тазалау, жақтаулардағы, шатырлардағы, су ағатын құбырлардағы қатқан мұзды аршып түсіру үйлердің және құрылғылардың иелері мен жалға алушылардың күшіне және қаражатына жүйелі түрде, жаяу жүргіншілермен бақытсыз жағдайларды болдырмауға және әуе жүйелеріне, шамдар мен жасыл желектерге зақым келдірмеу үшін қауіпсіздік шараларын сақтай отырып жүргізілуі керек. Шатырлардан түсірілген қар, жинайтын орындар болмаған жағдайларда, тасып шығарылуы керек.

40. Көшелердің жүргін бөлігіне, алаңдарға, көпірлерге, қиылыстарға, көтерілу және төмен түсу жолдарына механикамен құм шашуды Басқармамен шарт жасаған кәсіпорындар жоспарланған тәртіпте жүргізеді.

41. Үй-жайды жалға алушы меншіктің барлық түріндегі заңды және жеке

тұлғалар арнайы техникасы бар мамандандырылған кәсіпорындармен тротуарларды, алаңшаларды және адамдар көп жиналып жүретін жерлерді механикаландырып жинауға және құм шашуға шарттар бекітуге немесе көрсетілген орындарда осы жұмыстарды өз күштері мен қаражаттарына жүргізуге міндетті.

Жер пайдаланушылар бөлінген және бекітілген аумақтарда көк тайғақ мұзға қарсы шаралар қарастыруға міндетті (мұзды, қарды жару, тайғанақ жерлерге инертті материалдар себу).

42. Қала көшелерінде автокөліктердің стихиялық тұрақтарына тыйым салынады.

6. КӨШЕЛЕРДІ, ЖОЛДАРДЫ, ЖОЛ ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ, ОЛАРДЫ ҰСТАУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ ТӘРТІБІ

43. Көшелер мен жолдар, көше шаруашылығына кіретін барлық құрылғыларымен мемлекет меншігі болып табылады және ортақ қолдануға арналған. Көшелерді, жолдарды және жол құрылғыларын пайдалану, оларды ұстау және қорғау тәртібі, жол қозғалысы Ережелерінің талаптарына сәйкес қабылданған, осы "Ережелерді" қолдану арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

44. Автобус және таксомоторлық парктердің, автокәсіпорындардың, гараждар мен басқалардың»әкімшіліктері, жеке көлік иелері автомашиналар мен басқа көлік құралдарын қала көшелері мен жолдарына таза күйінде шығаруға және ұқыпты ұстауға тиісті. Қала бойынша тым ластанған автобустардың, автомашиналардың» және басқа көлік құралдарының»жүруіне тыйым салынады.

45. Көлік құралдарымен тасылатын, көшелерді кірлететін төгілгіш және басқа жүктер, көшелердің ластануына жол бермеу үшін, ұқыптап қымталып жабылуы тиіс.

46. Базалардың, қоймалардың, карьералардың, құрылыс алаңдарының, зауыттар, фабрикалардың және басқа объектілердің басшылары мен иелері келіп-кетер жолдардың, көліктің бұрылуына арналған алаңдарды» күтімді ұсталуын қамтамасыз етеді. Шығу жолдары мен құрылыс жүргізіліп жатқан жерлердегі жолдардың қатты төсеніші болуы, әмбе бөлінген және бекітілген аумақтардың»сыртына шаң мен батпақтың шығуына жол бермеуі керек.

47. Көлік құралдарының үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ету көшелер мен жолдарды пайдаланушылардың, жол қозғалысын бақылау және реттеу органдарының міндеті болып табылады.

48. Барлық көлік құралдарын жүргізушілер мен азаматтар көшелердегі, жолдардағы, жасанды құрылғылардағы және қозғалысты реттеудің техникалық құралдарындағы өздері көрген, жол қозғалысына қауіп төндіретін ақаулар

туралы ІІБ ЖІІБ-не және Басқармаға шұғыл хабарлауы керек.

49. Пайдалану процесінде жолдардың, жол қозғалысын техникалық реттеу құралдарының белгіленген ережелерге, стандарттарға, техникалық және басқа нормативті құжаттарға сәйкестігін қамтамасыз ету міндеті қызмет көрсетуге тендерді ұтып алған заңды және жеке тұлғаларға жүктеледі. Ведомстволық қала жолдарының, жол айналымдарының және темір жол өтпелерінің ұсталуына, өздері ведомствосына қарайтын кәсіпорындар немесе мекемелер жауапты.

50. Қала көшелері мен жолдарының жол төсемдерінің күтіп ұсталуын бақылау Басқармамен және ІІБ ЖІІБ-мен, үнемі байқау және жиі қарап тексеру жолымен, мына мақсаттарда іске асырылады:

1) қала көлігі мен жаяу жүргіншілердің тәулік бойы, үзіліссіз, қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету;

2) жол төсенішін мезгілсіз тозудан және бұзылудан сақтау;

3) дамып келе жатқан қала көлігінің талаптарына сәйкес қала жолдарының жай-күйін үнемі жақсарту;

4) жол төсенішінің қалыпты жағдайдан ауытқуын дер кезінде анықтау, ақаулар мен зақымданған жерлерді (жүргін бөліктің ойылуы, көк тайғақ мұз) табу, автокөлік қозғалысының қалыпты жағдайын қалпына келтіру жөніндегі шұғыл шараларды қабылдау үшін көшенің кейбір учаскелерінде көлік қозғалысын шектеу немесе тыйым салу.

7. ҚАЛА АУМАҒЫНДА ЖОЛ ТӨСЕМДЕРІНІҢ, ТРОТУАРЛАРДЫҢ, ГАЗОНДАРДЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛА ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ БАСҚА ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ, ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ ЗАҚЫМДАНУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЖҰМЫСТАРДЫ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

51. Заңды және жеке тұлғалар қала аумағында жер қазу жұмыстарын, немесе жол төсеніштерінің, тротуарлардың, газондардың және басқа да қала шаруашылығы объектілерінің, элементтерінің бөлінуіне әкеп соғатын басқа жұмыстарды Басқармамен берілген жазбаша рұқсат (ордер) болғанда №ғана жүргізеді.

52. Инженерлік жүйелерде қайта қалпына келтіру жұмыстарын шұғыл жүргізу, жол төсемдерін ашу, көшелерді, алаңдарды және басқа да ортақ қолдану орындарын қазуды талап ететін апаттар болған жағдайларда Басқарманы, ІІБ ЖІІБ-н, инженерлік жүйелердің иелерін, соңынан 24 сағат ішінде жұмыстарды жүргізуге рұқсат (ордер) ресімдеу арқылы, хабарландыру қажет.

53. Жұмыстарды жүргізуге рұқсат (ордер) тапсырыс берушінің өкіліне немесе

жұмыстарды жүргізушінің өкіліне, бұдан былай "Ордер алушыға" беріледі.

Ордерді ресімдеу үшін Басқармаға мына құжаттарды тапсыру қажет:

- 1) жұмыстарды жүргізуге ордер беру туралы тапсырыс хат;
- 2) инженерлік жүйелер мен коммуникациялар иелерімен жұмыстарды жүргізуге келісілген жоба;
- 3) объекті бойынша жұмыстарды жүргізу жобасы немесе жұмыстарды жүргізу кестесі;
- 4) жасыл желектерді, газондарды қосқанда, шабуға тапсырыс хат (қажет болған жағдайда);
- 5) асфальтты бетонды және топырақ төсемдерін, сондай-ақ басқа да, жұмыстарды жүргізуге кіретін көркейту элементтерін қайта қалпына келтіру туралы кепіл.

54. Жоғарыда көрсетілген құжаттар негізінде Басқарма жұмыстарды жүргізуге рұқсат (ордер) береді. Қажет болғанда жасыл желектерді шабуға рұқсат беріледі.

Жұмыстар жол қозғалысы қауіпсіздігіне ықпал ететін жағдайда, жұмыстарды жүргізуші жұмыстарды бастамас бұрын рұқсат қағазды (ордерді) ИБ ЖПБ-де тіркеуге міндетті.

Қала көшелерінде көлік қозғалысын шектеумен және жабумен байланысты жұмыстарды жүргізгенде, көлік қозғалысын жабуға сәйкес рұқсат ресімделеді, ал қоғамдық көлік қозғалысының бағытын өзгерту қажет болғанда - қала халқын көпшілік ақпарат құралдары арқылы құлақтандыру қажет.

55. Қала шаруашылығының объектісі, элементі ордерде көрсетілген жұмыстарды аяқтау мерзіміне дейін тиісті жағдайға келтірілуі қажет.

56. Жетілдірілген төсемдері бар көшелерде, алаңдарда жер асты құрылғыларын жүргізу және қайта орнату, мүмкіндігінше, жабық әдіспен (тесу арқылы), төсемге зақым келтірмейтіндей жүргізілуі тиіс.

Жүргізудің ашық әдісі кварталдар ішінде, көркейтілмеген көшелер мен алаңдарда, сондай-ақ жер асты құрылғыларын қайта жаңарту және күрделі жөндеу кезінде рұқсат етіледі.

57. Қажетті сақтық шараларын қабылдау және инженерлік жүйелер мен құрылғылардың зақымдануының алдын алу үшін, жұмыстарды жүргізуші, жұмыс басталардан бір тәулік бұрын, жұмыс орнына мүдделі ұйымдардың өкілдерін шақыруға, олармен бірігіп істегі жүйелер мен құрылғылардың нақты орналасқан орнын анықтауға және олардың толықтай сақталуы үшін шаралар қабылдауға міндетті.

Мүдделі ұйымдардың басшылары өздерінің жауапты өкілдерінің жұмыстарды жүргізу орнына келуіне және жұмыстарды жүргізу кезінде өздеріне қарайтын жүйелер мен құрылғылардың сақталуын қамтамасыз етуге қажетті

жағдайлар туралы жазбаша түрде нақты нұсқаулар беруге міндетті.

58. Жұмыстарды жүргізуші жұмыстардың басталуына дейін мыналарды орындауға міндетті:

1) қазылатын жердің шегінде белгіленген үлгіде қоршау және ескерту белгілерін орнатуға;

2) жаяу жүргіншілер өтетін жерлерге өту көпіршелерін орнату және қазылған учаскенің түнгі уақытта жарықтануын қамтамасыз ету;

3) нөсер сулары ағатын канализацияның үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету шараларын қабылдау;

4) механизмдер жұмыс жасайтын аумақта жасыл желектер болған жағдайда, жасыл желектерді олардың сақталуына кепіл беретін бітеу қалқандармен қоршау;

5) өту жолдары мен жаяу жүргіншілер қозғалысы жолдарын жабу қажет болғанда, айналып өту жолдарын дайындау және объектіні сәйкес белгілермен белгілеу.

6) инженерлік жерасты жолдарын салу және барын қайтадан құру қатаң түрде жұмыс істеудің техникалық жағдайларына сәйкес жүргізуді.

59. Жасыл желектерді, жер асты құрылғылары құдықтарының қақпақтарын, су ағатын шарбақшаларды, науаларды және т.б. топырақ және құрылыс материалдарын үйіп-төгіп жабуға тыйым салынады.

60. Егер жер қазу кезінде жобада белгіленбеген жер асты коммуникациялары табылса, жұмысты жүргізуші бұл жайт туралы Басқармаға және осы коммуникациялар қарайды-ау деген ұйымға хабарлауға міндетті. Пайдаланушы ұйымдар жұмысты жүргізушінің шақыруымен жұмыстарды орындау орнына өзінің өкілін жіберуге міндетті. Келмеген жағдайда, келтірілген зиян үшін жауапкершілікті шақыруға өкілі келмеген ұйым өз мойнына алады.

61. Жобада белгіленген жер асты жүйелері мен құрылғыларының, сыртқы көркейту элементтерінің, сондай-ақ жасыл желектердің бөлінгені үшін жауапкершілікті ордер алушы ұйым өз мойнына алады.

62. Жұмыстар аяқталғаннан кейін қазылған орындарды қайта жабу нығыздалмаған топырақпен орындалады. Жұмыстардың аяқталғаны туралы Басқармаға жазбаша хабар беріледі, бұл жағдайда жабу жұмыстарына акті жасалады.

Бүлдірілген төсемдер мен көркейту элементтерін қалпына келтіру, топырақпен қайта жабу жөніндегі жұмыстар аяқталған соң, екі тәуліктен кешіктірілмей басталуы қажет.

Қалпына келтіру жұмыстарының сапасы үшін жауапкершілікті ордер алушы ұйым өзіне алады. Жер асты коммуникацияларын тарту орындарындағы төсемнің жоғарғы қабатының отыруы, бөлінуі анықталған жағдайда, осы

коммуникацияларды пайдаланушы ұйымдар төсемді қалпына келтіруді жүргізуге м і н д е т т і .

63. Жолдардың, тротуарлардың және алаңдардың жол төсемдерін бұзумен байланысты жұмыстарды жүргізуге, оларды орнату және күрделі жөндеуден кейінгі 3 жыл ішінде, айрықша жағдайлардан басқа, тыйым салынады.

64. Жұмыстарды жүргізу шарты бұзылған, қалпына келтіру сапасыз жасалынған және қалпына келтіру мерзімдері бұзылған жағдайларда Басқарма ІБ ЖПБ-мен бірігіп басталған жұмыстарды тоқтатуға, жіберілген кемшіліктерді жоюды талап етуге, келтірілген шығындарды төлеттіріп алуға, кінәлілерді әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін шара қолдануға құқылы.

65. Жол төсемдерін ашу және көшелерді, алаңдар мен басқа да ортақ пайдалану орындарын қазу жөніндегі жұмыстарды орындаушы ұйымдар мен кәсіпорындар, жұмыстарды жүргізу орындарында ақпарат қалқандарын орнатуға т и і с т і .

66. Жер қазу жүргізілген жерлерде асфальтты бетон төсемін қалпына келтіру кезінде, Басқарма мен ІБ ЖПБ-өкілдерін шақыру арқылы жұмыстарды орындалғаны туралы акті жасалады, онда осы жол учаскесіне жөндеу жүргізілген кезде жіберілген барлық кемшіліктер көрсетіледі. Бұндай жағдайларда жұмыстарды жүргізуші кемшіліктерді жоюға кепілдік міндеттемелер береді.

Ескерту. 8-бөлім алынып тасталсын - Семей қалалық мәслихатының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 33-15 шешімімен.

9. СЫРТҚЫ ЖАРЫҚТАНДЫРУ ҚОНДЫРҒЫЛАРЫ МЕН ЭЛЕКТР ЖҮЙЕЛЕРІН ҰСТАУ

77. Қала көшелеріндегі, алаңдарындағы, скверлеріндегі сыртқы жарықтандыру қондырғыларын (бұдан былай тексте - СЖҚ) ұстау, қызмет көрсету, ағымды және күрделі жөндеу Басқармамен жасаған шарт бойынша мамандандырылған кәсіпорындарға жүктеледі.

С Ж Қ - ға м ы н а л а р ж а т а д ы :

1) электрмен жабдықтау қондырғылары: қоректендіру жүйелері, қоректендіру пункттері, тарату жүйелері;

2) қорғау және электр жүйелерін жерлендіру қондырғылары;

3) басқару қондырғылары;

4) кронштейн, трос ілгіштерінің бағаналары.

78. СЖҚ-ы ұстауға және қызмет көрсетуге мына шаралар жатады:

1) СЖҚ-н техникалық тиісті жағдайда ұстау, бұл жағдайда сандық және сапалық көрсеткіштер, шамдарды және жарық берушілердегі жарық шашқыштардың істен шыққандарының ауыстырылуын қосқанда, жарық

берушілерді тазарту, жарық шашу деңгейін өлшеу берілген параметрлерге сәйкес
б о л с а ;

2) СЖҚ-ң кесімді жұмыс тәртібін, кестеге сәйкес өз уақытында жану және өшуін бақылауды, кейбір бөлігінің немесе тұтас өшуін, жанбайтын жарық бергіштерді, зақымдарды және т.б., оларды кезек күттірмей жөндеуді қамтамасыз е т у .

79. Балансында трансформаторлық кіші стансасы және қиыстырылған трансформаторлық кіші стансасы бар кәсіпорындар жабдықтарды жөндеу және үй-жайды жөндеу жөніндегі профилактикалық жұмыстарды өз уақытында жүргізуі, ғимараттан 15 метрден кем емес бөлінген және бекітілген аумақты жинау жұмыстарын (қоқысты, арам шөп, бұтақтарды жинау) жүргізуі керек.

80. СЖҚ-ң металды бағандары, кронштейндері және басқа элементтері жай-күйіне қарай, бірақ үш жылда бір реттен кем емес, боялып отырады.

81. Сыртқы жарықтандыру жүйелеріне өз бетімен қосылуға тыйым салынады.

10. ИНЖЕНЕРЛІК ЖҮЙЕЛЕРДІ, ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛАРДЫ ҰСТАУ ТӘРТІБІ

82. Шаруашылық жүргізуде инженерлік коммуникациялары бар заңды және жеке тұлғалар қаланың көркейуін бұзуға әкеп соғатын инженерлік жүйелер мен құрылғылардың техникалық жай-күйін үнемі қарап отыруға міндетті, атап а й т қ а н д а :

- 1) аумаққа су жайылуын болдырмау;
- 2) бөлінген және қорғау аумақтарының санитарлық жай-күйін қарап отыру;
- 3) люктердің қақпағының, құдықтар мен камералар жабындыларының, нөсер сулары канализацияларының тор шарбақтарының жол төсеніші деңгейінде болуын және үнемі тиісті жағдайда ұсталуын қадағалау;
- 4) құдықтарды, қыс кезінде оларды орналасқан жерін тез анықтау үшін таң балап белгілеуді жүргізу;
- 5) қайта жабу және пайдалану кезінде монтаждау ережесі сақталмағандықтан бұзылуы мүмкін жер асты жүйелерінің тығыз және топырақты төсемінің жай к ү й і н қ а р а п о т ы р у .

83. Қатты төсемді аумақтарда күрделі жөндеу және қайта жаңарту жүргізілген жағдайларда, инженерлік жүйелер құдықтарының люктерінің белгілерін талап етілген деңгейге жеткізу, газондарды, тротуарларды, атомобиль жолдарын коммуникациялар аумағының қорғау аумағына дейін қалпына келтіру жөндеуге тапсырыс берушінің қаражаты есебінен жүргізіледі.

84. Көшелер мен жолдардан жоғарғы және жер асты суларын бұруға арналған

арықтарды, құбырларды және дренаждарды тазалау және тазарту, нөсер канализацияларының коллекторларын, жаңбыр суларын қабылдап алатын құдықтарды тазарту, лай мен қоқысты тез арада қалалық қоқыс төгу орнына тасып шығару Басқармамен жасасқан шарт негізінде мамандандырылған кәсіпорынмен; аулаларда және кәсіпорын аумақтарында ЖПК-мен, пәтер және үй иелерінің басқа да нысандарымен, кәсіпорындармен жүргізіледі. Тұрғын аудандар аумағындағы су құбырларының, газ, канализациялық құдықтар қақпақтарын тазалау үй иелерімен (ЖПК) жүргізіледі.

85. Жер асты коммуникацияларын салу, күрделі жөндеу және қайта жаңарту автомобиль жолдарын, алаңдарды және басқа да ортақ пайдалану орындарын қайта жаңарту басталар алдында жүргізілуге тиіс.

86. Қаладағы су алатын колонкалардың жанындағы радиусы 1,5 метр аумақты мұздан (қыста) және қоқыстан, оларды қалалық қоқыс төгу орнына тасып шығару арқылы тазартуды, колонкаға келіп-кетер жолдарды ұстауды, және судың ағып кетуі үшін қондырғы орнатуды су алатын колонканың иесі жүргізеді.

87. Жаңбыр суларын, еріген қар суларын өндірістік кәсіпорын алаңдарынан канализация жүйесіне, 2000 жылғы 1 ақпандағы В.2.5-11-99 Қазақстан Республикасындағы құрылыс жүргізудегі басшылыққа алынатын құжат "Елді мекендердегі канализация жүйелеріне ағынды суларды қабылдау Ережесіне" сәйкес, канализациялық жүйе иесінің рұқсатынсыз ағызып тастауға рұқсат етілмейді. Егер кәсіпорын аумағы жоғарғы қабатта жиналатын қоспалар құрамы мен көлемінен селитебтіктен аз мөлшерде ауытқыса атмосфералық сулар нөсер сулары жүйесіне бағытталып жіберілуі мүмкін (СНиП 2.04.03-85 сәйкес).

88. Күз кезінде күн суытар алдында су ағатын жүйелердің торларын жауып жылыту жүргізілуі керек.

89. Істегі жер асты коммуникацияларын қайта жаңарту кезінде оларды жолдың жүргін бөлігінің астынан шығару қарастырылу керек.

11. САУДА КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ПУНКТТЕРДІҢ ОЛАРДЫ ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУ КЕЗІНДЕ ҚАС БЕТТЕРІН РЕСІМДЕУ ЖӘНЕ АУМАҒЫН КӨРКЕЙТУ ТӘРТІБІ

90. Сауда кәсіпорындарын және халыққа қызмет көрсету пункттерін, офистерді және басқа объектілерді орналастыру кезінде, тұрғын, әкімшілік және басқа да үй-жайларды және оларға жапсарлас аумақтардың сәулеттік келбетін сақтау және жақсарту үшін иелері- меншіктің барлық түріндегі заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер үйдің қасбеттерін ресімдеу және жапсарлас аумақты көркейту

жөнінде, өздерімен әзірленген, құрылыс және сәулет басқармасымен және Басқармамен келісілген жобаға сәйкес шаралар кешенін орындауға, сондай-ақ үй маңындағы аумақты санитарлық жинап тазалауға шарт бекітуге тиіс.

91. Шаралар кешеніне жобамен қарастырылған көлемде мына жұмыстарды орындау енгізіледі:

1) қасбеттерді жөндеу (ғимараттың қасбетінің тұтас сәулеттік келбетін қамтамасыз ете отырып бояу, әртүрлі материалдармен және басқалармен қаптау);

2) ғимаратты жалпы стиліне сәйкес келетін, маңдайшалы баспалдақтар орнату;

3) тротуарлар, жүріп-тұруға ыңғайлы алаңшалар мен автомашина тұрақтарын, алаңқайлар, газондар, жасыл желектер және т.б. орнатуды қарастыратын аумақты көркейту жұмыстарын орындау;

4) көркейту элементтерін көп пәтерлі тұрғын үйлердің аулаларында орындықтар, урналар, қоршаулар, балалар ойнайтын алаңшалар және т.б. орнату;

5) үй маңындағы аумақты және көшені автожолдың жүргін бөлігінің ортасына дейін жарықтандыруға жеткілікті сыртқы жарықтандыру шамдарын (отты жарнамалар) орнату;

6) әдемі, ортақ стильде орындалған, қажетті шамадағы ақпаратпен маңдайшалар ілу;

7) үйлердің (сәулеттік, тарихи және мәдени ескерткіштердің) қасбеттерін жөндеу және ресімдеу құрылыс және сәулет басқармасымен міндетті тәртіпте келісіледі.

92. Ғимаратта бір №ғана кәсіпорын орналасқан жағдайда үйді қасбеті тұтас немесе (құрылыс және сәулет басқармасының келісімі бойынша) оның бөлігі ресімдеуге, сондай-ақ үйден бастап "қызыл сызыққа" дейінгі барлық аумақты көркейту және санитарлық тазалауға үйдің барлық ені немесе оның бөлігі жатады немесе, басқа құрылысқа қатысушылар пайда болған жағдайда осы шығындардың орнын толтыруға үлестік қатысу арқылы жүзеге асырылады. Бірнеше кәсіпорын болғанда қасбетті рәсімдеу, үй маңындағы аумақты көркейту және санитарлық тазалау олардың сәйкес үлесі арқылы, бірыңғай сәулетті-көркемдік келбетін сақтай отырып және жұмыстарды бір уақытта орындау арқылы жүргізіледі.

12. АҚЫЛЫ АВТОМОБИЛЬ ТҰРАҚТАРЫН ҰСТАУ

93. Тұрақтарды көркейту әзірленген және бекітілген жобаларға сәйкес орындалуы керек. Тұрақтардың меншік иелері тұрақ аумағын жинауды жүргізуге және оның су қайтару және тазарту құрылғылары жүйесімен, көгалдандырумен, диспетчерлік павильонмен, өрт қауіпсіздігі, жарықтандыру жабдықтарымен,

қалдықтарды жинау және сақтау үшін контейнерлі алаңшармен көркейтілуін қамтамасыз етуге міндетті. Тұраққа кіре берісте тұрақты атауы, жұмыс істеу тәртібі қарастырылуы қажет.

94. Бас жоспарға сәйкес жайғастыруды техникалық құрал-жабдықтары орындалуы керек: жол белгілері, сызықтары, жарнамалық қондырғылар, сондай-ақ қоршаулар, павильондар, жарықтандыру.

95. Тұрақ иелері мамандандырылған кәсіпорындармен бекітілген аумақты санитарлық жинауға және көркейтуге шарт жасаулары керек, немесе қоқысты қалалық тығыз тұрмыстық қалдықтар полигонына тасып шығаруды өз күштерімен жүргізулері керек.

13. ҚАЛА АУМАҒЫНДА ЖӨНДЕУ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУШІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУШЫЛАР МЕН ТҮЛҒАЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

96. Жер пайдаланушылар:

1) бөлінген және бекітілген аумақтарды, өзіне қарасты инженерлік жүйелерді және оның элементтерін (құдықтар, люктер, торлар, тіреуіштер, насос стансалары, жылу пункттері, трансформаторлық кіші стансалар және т.б.) қолданылып жүрген санитарлық нормалармен анықталатын тиісті жағдайда ұстауға;

2) сұйық қалдықтарды жинау үшін санитарлық нормаларға сәйкес келетін тазарту шұңқырын орнатуға;

3) құрылыстық қоқыстың, тығыз тұрмыстық қалдықтардың қалалық қоқыс төгу орнына тасып шығарылуын және көмілуін қамтамасыз етуге;

4) қажет болғанда өз аумағын дезинфекциялауды және дератизациялауды жүргізуге (шыбындарды, тарақандарды, тышқандарды, көртышқандарды жою үшін) міндетті.

97. Қала аумағында жұмыстар жүргізуші жөндеу және құрылыс ұйымдары:

1) құрылыс жүретін алаңды, жаяу жүргіншілер қозғалысының қауіпсіздігі үшін, ені бір метрден кем емес маңдайшасы бар биіктігі екі метрден кем емес тұтас қоршаумен айналдыра қоршауға;

2) құрылыс алаңдарына апаратын жолдарды, жолға топырақ-батпақтың тасылмауы үшін, қатты төсенішпен жасауға;

3) құрылыс жүрген кезеңде құрылыс жүретін алаңның бойындағы автожолдарды, сондай-ақ бекітілген аумақ шегінде тазалау жұмыстарын жүргізуге;

4) құрылыс материалдарын, олардың желмен ұшып шашылмау шараларын қарастыра отырып, сақтауға міндетті.

14. Семей каласының Полковничий аралындағы рекреациялық аумақты пайдалану тәртібі және режимі

98. Пайдаланушылар Полковничий аралының рекреациялық аумағын мәдени-сауықтыру, рекреациялық және спорттық мақсаттарға пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға, ағаштар мен бұталардың сындырылып шабылуына, орман ағаштары түрлерінің бүлдірілуіне, аумақтың қоқыстануына, құмырсқа илеулерінің, құстардың ұяларының бұзылуына жол бермеуге міндетті.

99. Полковничий аралының рекреациялық аумағында, рекреациялық аумақтық қызметімен тікелей байланысты емес жаңа өнеркәсіптік, коммуналдық және қоймалық объектілерді, ғимараттарды және тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттарды орналастыруға (салуға) және қолданыстағыларын кеңейтуге жол берілмейді.

100. Полковничий аралының рекреациялық аумағындағы жер телімдері мәдени-сауықтыру, рекреациялық және спорттық мақсаттарға арналған объектілерді орнату үшін ғана берілуі мүмкін.

Бұндай объектілерді салу орындары су қорын пайдалану және қорғау, жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі, халықтық санитарлық-эпидемиологиялық игілігі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы өкілетті органдарымен келісіледі.

101. Полковничий аралының рекреациялық аумағындағы мәдени-сауықтыру, рекреациялық және спорттық мақсаттар үшін берілген телімдерде объектілерді жайластыру, жобалау, салу және пайдалануға енгізу кезінде жер пайдаланушылар табиғат ортасын ағынды сулардың, тұрмыстық тастамалардың, қалдықтардың және қоқыстардың кері әсерінен қорғалуын қамтамасыз ететін іс-шаралар қарастыруы және жүзеге асыруы қажет.

102. Полковничий аралының рекреациялық аумағында жайластырылған объектілердің иелері, маңайдағы (бекітілуге сәйкес) көркейтілген аумақтардың сақталуын қадағалауға, осы аумақтарды тазалауға және қоқысты тасып шығаруға қызметтердің осы түрлерін көрсететін ұйымдармен шарт жасауға немесе осы жұмыстарды өз күштерімен орындауға міндетті.

Полковничий аралының рекреациялық аумағындағы заңды және жеке тұлғаларға бекітілмеген аумақтарын жинастыру жөніндегі жұмыстарды мамандандырылған ұйымдар, сәйкес бюджеттік бағдарламаның әкімшісімен жасалған шарттар негізінде, жүргізеді.

103. Полковничий аралының рекреациялық аумағында жер пайдаланушыларға мәдени-сауықтыру, рекреациялық және спорттық мақсаттар үшін берілген телімдерге салынған объектілер, пайдалану мерзімі аяқталғанда жер пайдаланушылардың қаражаты есебінен бұзып алуға немесе тасып шығаруға

ж а т а д ы .

104. Полковничий аралының рекреациялық аумағында:

- жер жыртуға және құнарлы қабатты басқаша бүлдіруге;
- малдың барлық түрін ұстауға және жаюға;
- қоқыс орындарын ұйымдастыруға, мал қиын, минералды тыңайтқыштарды, гербицидтерді және басқа да улы химикаттарды жинап қоймалауға;
- өз бетімен тоғайды шабуға және бұталар мен қураған ағаштарды жинауға;
- жолдан басқа жерлерде, басқа жалпы мақсаттардағы жолдарда және арнайы қарастырылмаған жерлерде механикалық көлік құралдарының қозғалысына және т ұ р а ғ ы н а ;

- автомобильдерді жууға, от жағуға, музыканы қатты қосуға тыйым салынады , рұқсат етілген іс-шаралардан басқа.

Ескерту. Ереже 14 бөлімімен толықтырылған-Семей қаласы мәслихатының 2007 жылғы 29 қарашадағы N 3/25-IV шешімімен.

15. ОСЫ ЕРЕЖЕЛЕРДІҢ ОРЫНДАЛМАҒАНДЫҒЫ ҮШІН Ж А У А П К Е Р Ш І Л І К

105. Осы Ережелердің талаптарының» орындалмағандығы үшін Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне сәйкес жауапкершілікке т а р т ы л а д ы .

Ескерту. Ережеге өзгертулер енгізілген - Семей қаласы мәслихатының 2007 жылғы 29 қарашадағы N 3/25-IV шешімімен.

Қалалық мәслихат хатшысы